

АЛАТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№22 (136) 15 мамыр 2026 жыл

● ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 81 ЖЫЛ!

БАРШАМЫЗДЫҢ ҚАСИЕТТІ БОРЫШЫМЫЗ

Жеңіс күні-уақыт сабақтастығын, үлкендерге құрмет көрсету мен Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқандарды жадымызда сақтау керек екенін білдіретін қастерлі күн. Бұл-жай күн емес, сонымен қатар қазіргі бейбіт заман мен еркіндікті бағалаудың қаншалықты маңызды екендігін еске салатын қасиетті де, қастерлі күн. Ұлы Жеңістің 81 жылдығына орай облыс орталығындағы «Ардагерлер саябағында» орналасқан Даңқ мемориалы жанында жарқын болашақ үшін жанын пида еткен боздақтарды еске алуға арналған жиын өтті.

Жиынға облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев, облыстық мәслихат төрағасы Қуат Байғоджаев, облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Тұрымбетов, Қонаев қаласының әкімі Асхат Бердіханов және құқық қорғау органдары, әскери бөлім, департаменттер мен басқарма басшылары, мәслихат депутаттары, тыл және еңбек ардагерлері, Ауған соғысының,

ардагерлері, облыс пен қаланың Құрметті азаматтары, түрлі қоғамдық ұйымдар мен этномәдени орталықтардың өкілдері, мекеме-кәсіпорын басшылары, қала тұрғындары мен жастар қатысты.

Майдан даласында ерлікпен қаза тапқан боздақтар бір минут үнсіздікпен еске алынған соң, жиналған қауымды мерекемен құттықтаған облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, бүгінде аразында қалған санаулы қарт жауынгерлерге құрмет көрсету баршамыздың қасиетті борышымыз екенін айтты.

– Алматы облысы әкімдігі тарапынан жыл сайын әлеуметтік, материалдық және моральдық қолдау шаралары жүзеге асырылуда. Биыл да қалыптасқан дәстүр бойынша Алматы облысынан Отан соғысына қатысқан 4 ардагерге 5 миллион теңгеден біржолғы әлеуметтік көмек берілді. Жеңіске жету жолында тыл еңбеккерлерінің де қосқан үлесі зор болды. Соғыс жылдары ауыр еңбек пен зор жауапкершілікті мойындарына алып, майданды азық-түлікпен, киім-кешекпен және қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету үшін күн-түн демей еңбек етті. Олардың қажырлы еңбегі Жеңісті жақындатқан маңызды күштердің біріне айналды. Бүгінде облысымызда 2 038 тыл ардагері бар. Әрқайсының өміржолы – кейінгі ұрпаққа өнеге, ал жанқиярлық еңбегі ел жадында мәңгі сақталады, – деді облыс әкімі Марат Елеусізұлы.



Содан соң «Мәңгілік алауға» гүл себеттерін қойып, боздақтар рухына тағым жасады. Мерекелік шара одан әрі Бердібек Соқпақбаев атындағы орталық саябақта жалғасын тауып, концерттік бағдарламаға жалғасты. Әскери-патриоттық әндер шырқалып, мәдениет және өнер ұжымдарының қойылымдары көрермендер назарына ұсынылды. Сонымен қатар жастардың патриоттық акциялары ұйымдастырылды.

Заңғар АЛТАЙ.

● 9 МАЯ

Поклон у Вечного огня

Накануне празднования Дня победы областным советом ветеранов был организован коллективный выезд на автобусе в Алматы. Как и в прошлом году, местом сбора был поселок Отеген батыр, куда съехались делегации ветеранских, молодежных, женских организаций из Жамбылского, Карасайского, Илийского, Талгарского, Енбекшиказахского, Уйгурского, Кегенского, Райымбекского, Балхашского районов, городов Конаев и Алатау.

В Парке 28 героев-панфиловцев в Алматы былолюдно, чисто, зелено и торжественно. Особенно много было детей школьного и даже дошкольного возраста. В пилотках, гимнастерках, белых рубашках, с гвоздиками. Малыши, сопровождаемые старшими, «шумели, как птичий базар», подростки держались посерьезней. Чуть поодаль усердно маршировали юные «жасулановцы». Видимо, готовились к смене караула. У Вечного огня тем временем в почетном карауле поочередно

и молодежь вместе возложили к подножью мемориала цветы и минутой молчания почтили память всех казахстанцев, погибших на той войне. Напомним эти цифры: из городов и селений Казахской ССР в годы войны призвано 1,2 миллиона человек и более 600 тысяч из них не вернулись с фронта.

Затем делегация сделала общий снимок у мемориала Славы - «Ни шагу назад! Отступать некуда! Позади Москва!».

Эти слова историки приписыва-



старшего лейтенанта Момышулы в отрыве от дивизии три дня удерживал крупные силы врага на Волоколамском направлении. Нанеся большие потери фашистам и предотвратив угрозу окружения, он вывел свое подразделение боеспособным. Момышулы был лично назначен командиром полка командующим 16-й армией маршалом Константином Рокоссовским.

Далее маршрут автобуса с ветеранами и молодежью пролегал за город: в воинскую часть 78460. Боевой путь данного подразделения берет свое начало с далекого 1948 года. Тогда в городе Ташкент сформировался отдельный батальон связи во главе с опытными командирами-участниками только что завершившейся Великой Отечественной войны. В настоящее время - это современная часть, базируется в Алматинской области, в посёлке Туймебаева, у Первомайских прудов и является пилотной площадкой нового формата срочной службы SARBAZ+.

Командир части, подполковник Азиз Токтарбайулы лично сопровождал большую делегацию по территории военного городка. Гостям показали казармы, залы по занятиям джиу-джитсу, на силовых тренажерах, классы по изучению английского языка, управления дронами, лазерные тирсы, комнаты психологической разгрузки и т.д. Также военные пригласили нас пообедать в

солдатской столовой. К слову, меню было очень разнообразным, а блюда вкусными.

Председатель областного совета ветеранов Ерболат Турумбетов поблагодарил военных за интересную и познавательную экскурсию. Он напомнил слова президента Касым - Жомарта Токаева, что надо наращивать оборонный потенциал Армии и проводить технологическую модернизацию Вооруженных сил. Что и было продемонстрировано сегодня в данной части.

Также Ерболат Сапарович вместе с руководителем спортивного клуба «Sagadat Batyr-QTT», молодежной организации «Алатау жастары», депутатом областного маслихата Нурсултаном Орынбасаровым наградили группу военнослужащих части благодарственными письмами и фирменными футболками. Командир части удостоен памятного знака СК «Sagadat Batyr-QTT». Поясним, что данный клуб активно сотрудничает с Министерством обороны РК и Ассоциацией джиу-джитсу Казахстана для популяризации спорта и патриотического воспитания молодежи в частности военнослужащих.

(Более подробно о визите в воинскую часть расскажет на казахском языке мой коллега - Заңғар Алтай).

Рамазан ЕЛЕШЕВ
Отеген батыр-Алматы-Туймебаев-Отеген батыр

● АНОНС

НАГРАДА ИЗ ФРАНЦИИ нашла потомков героя в Конаеве

Примечательное событие произошло недавно, накануне 9 мая, в Астане. В посольстве Франции в Казахстане чествовали солдат и партизан, воевавших во время Великой Отечественной войны в отрядах сопротивления и освобождавших город Тулуза на юге Франции.

В мероприятии приняли участие первый заместитель командующего Сухопутными войсками РК, генерал-майор Куанышбек Уштаев и посол Франции в Казахстане Сильвиано Гиоге.

На церемонию были приглашены ныне здравствующие потомки казахских батыров: Бектимира Байжанова, Ахмета Бектаева, Нурабая Баймуратова, Отеуали Бесенгалиева и Ахмета Субалова. Всем им вручили благодарственные письма от министра Вооруженных сил Франции Катрин Вотрен и медали «Освобождение Франции».

Среди гостей в посольстве Франции присутствовал потомок Ахмета Субалова – Айвар Субалов, житель города Конаев, ветеран-строитель, почётный гражданин города Конаев, кавалер Ордена «Курмет».

Мы связались с Айваром Кужахметовичем буквально на днях и договорились, что по возвращении его из командировки обязательно встретимся и он нам поведаст, как в далёкой Франции оказался его дядя, как сложилась его судьба после войны, что это за награда и другие подробности. Следите за выпусками газеты «Алатау Ардагері».

Рамазан ЕЛЕШЕВ.



стояли ученики старших классов, студенты колледжей, воспитанники военно-патриотических клубов «Жас сарбаз» города Алматы. Это давняя традиция проведения «Вахты памяти», направленная на воспитание патриотизма, сохранение преемственности и исторической памяти. Важно, чтобы подрастающее поколение помнило подвиги наших дедов, участников Великой Отечественной войны, наших земляков-панфиловцев, защищавших подступы к Москве.

Ветераны Алматинской области ют политруку Ключкову, сказавшему их своим бойцам у разъезда Дубасеково, в ноябре 1941 года во время защиты Москвы.

Также в северной части входа в парк, в постсоветский период Казахстана, установлен памятник участнику Великой Отечественной войны, Герою Советского Союза Бауыржану Момышулы. Ветераны, как и у Вечного огня, также отдали дань уважения легендарному сыну казахского народа.

Напомним, что при обороне Москвы в 1941 года отдельный батальон

ТҰЛАҒА ТАҒЫЛЫМЫ-ҚОҒАМ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

ҚОНАЕВ ҚОРЫНЫҢ МИССИЯСЫ

Қазақстан қоғамында тарихи тұлғалардың мұрасын жаңғырту-тек өткенге тағзым ғана емес, бүгінгі ұрпақтың рухани бағдарын айқындау. Осы тұрғыдан алғанда Дінмұхамед Қонаев атындағы қор қызметі айрықша мәнге ие. Бұл ұйым-ел тарихында өзіндік орны бар, мемлекет басқаруда парасаттылық пен іскерліктің үлгісін көрсеткен Дінмұхамед Қонаев тұлғасының өнегесін кейінгі буынға жеткізуді мақсат еткен маңызды қоғамдық бастама.

Бүгінде жаһандану үдерісі күшейген заманда ұлттық құндылықтар мен тарихи сабақтастықты сақтау-кезек күттірмейтін міндеттердің бірі. Осындай кезеңде Қонаевтай ірі қайраткердің өмір жолы мен қызметін насихаттау арқылы қоғамға бағыт-бағдар беру, әсіресе жастардың санасына елжандылық пен жауапкершілік ұғымдарын сіңіру-қор жұмысының басты өзегі. Қор тек естелік шаралармен шектелмей, ғылыми, мәдени және ағартушылық жобаларды жүзеге асыру арқылы ұлттық сана мен тарихи жадының жаңғыруына үлес қосары анық.

Қонаевтың есімі-тек өткеннің белгісі ғана емес, ол- бүгінгі күнге де қызмет ететін құндылықтар жиынтығы. Сондықтан мұндай қорлардың қызметі қоғам үшін маңызды ғана емес, стратегиялық тұрғыдан да қажет. Осы бағыттағы атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы білу үшін осы қордың жетекшісі АСҚАРОВА Жанна Асанбайқызымен арнайы сұқбаттасқан едік.

- Жалпы о баста қордың құрылуына бастаманы көтерген кімдер болды? Идея қалай дүниеге келді? Дінмұхамед Қонаев мұрасын насихаттауда қордың негізгі миссиясы қандай?

- Жалпы о баста Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа біраз бұрынғы әріптестері елге көмек қолын созу мақсатында қоғамдық қор құру туралы және сол қор Қонаев есімімен аталса деген ой тастаған болатын. Осы ой-пікірді ұсынғандардың қатарында бұрынғы Қазақ ССР Министрлер төрағасының орынбасары Сұлтан Жиенбаев, бұрынғы Қазақ ССР Министрлер төрағасының орынбасары Шангерей Жәнібеков, бұрынғы Қазақ ССР тұрғын – үй министрінің орынбасары Атымтай Қисанов, бұрынғы Қазақ ССР Шымкент облысы Коммунистік партиясының бірінші секретары Асанбай Асанов, бұрынғы Қазақ ССР Алматы облысы Коммунистік партиясының бірінші секретары Кеңес Аухадиев, бұрынғы Қазақ ССР Алматы қаласы Коммунистік партиясының бірінші секретары Ізбасар Балтағұлов және ҚР журналистер академиясының академигі Серік Әбдірайымов болған еді. 1992 жылы еліміздің көп өңірлері кедейлікке түсіп жатты. Жұмыс жоқ, тамақ жоқ, елде өмір сүру қиындай түскен еді. Осы жайтқа бейжай қарай алмағандықтан Д.А.Қонаев атамыз қоғамдық қорды ашуға рұқсатын береді. Сөйтіп 1993 жылдың басында «Д.А.Қонаев халықаралық қоры» ресми түрде өз жұмысын бастады.



1993 жылы 22 тамызда Д.А.Қонаевтың өмірден өткен соң қордың басшылары ақылдаса келе қордың президенті ретінде Эльдар Асқарұлы Қонаевты тағайындады.

Қазіргі таңда қордың басты мақсаты - Д.А.Қонаев атамыздың өмірін, жұмысын, сонымен қатар елге деген махаббатын насихаттау.

- Дінмұхамед Қонаев тұлғасын дәріптеуге бағытталған нақты қандай іс-шараларды атар едіңіз?

- Алматы қаласында Д.А.Қонаев музейі және Д.А.Қонаев үй музейі жұмыс істеп тұр. Сонымен қатар қордың ықпалымен «Узелки памяти», «От Сталина до Горбачева», «Век Конаева» атты документалды кинолар түсірілді. Қазіргі таңда Алматы облысында «Қонаев тану» оқу-ағарту циклі үлкен сұранысқа ие. 2022

- жылы Алматы, Тараз, Шымкент, Қызылорда, Орал, Талдықорған, Қонаев қалаларында конференциялар өтті. Д.А.Қонаевтың 100 жылдығына орай Бақанас және Тараз қалаларында үлкен ескерткіштер, ал Орал және Талдықорған қалаларында бюстері қойылды. Шымкент қаласында Қонаев музейі ашылды. Ал, Таразда Қонаев орталығы ашылды. 2008, 2012, 2018 жылдары Қонаев атамыздың өмірінен фото альбомдар басылымға шықты. «Қонаев тану» оқу-ағарту циклінің аясында қор Алматы қаласының әскери колледжімен, сонымен қатар Шымкент, Атырау, Қонаев қалаларындағы және Түрген ауылындағы мектептермен тығыз қарым қатынаста жұмыс істеп жатыр.

Д.А.Қонаев атамызды еске алу аясында қордың қатысуымен шахматтан, бокстан, футболдан, волей-

болдан, каратэдан, джиу джитсудан, жекпе – жектен, бәйгеден көптеген спорттық шаралар өтті. Шахматтан “Konaev Cup – 2022” халықаралық турнирінде жеті мемлекеттен қатысушылар келді. Ал 2023 жылдың 26 қарашасында Қонаев қаласындағы “Konaev Cup – 2023” халықаралық турнирінде он төрт мемлекеттен 53 шахматшы келді. 2025 жылы тамызда Алматы облысындағы өткен “Almaty Region Open Konaev Cup 2025” халықаралық шахмат фестивалінде екі жүз алпыс шахматшы он алты мемлекеттен келген болатын.

- Жастарға Қонаев тұлғасын таныту қаншалықты өзекті? Қор мемлекеттік органдармен немесе басқа ұйымдармен қалай ынтымақтасуда?

- Жастар жағынан да, үлкендерден де қызығушылықтар байқалады. Соны сезіп білгендіктен Д.А.Қонаев атамыз туралы тереңірек білсе деген ойдамыз. Мұнтаздай таза адамды үлгі тұтса еліміздің бошағы жарқын болады деген ойдамыз. Соның аясында қазір бес томдық кітабымыз жарыққа шығу процесінде. Біздің қор осы күнде халықаралық ұйымдармен, мемлекеттік мекемелермен, мемлекеттік емес ұйымдармен, еліміздің және басқа мемлекеттердің оқу-ағарту ұйымдарымен тығыз байланыста.

- Қор қызметінде қандай қиындықтар кездеседі?

- Қорымыз Алматы, Қонаев, Тараз, Шымкент, Шу қалаларының

әкімшілігімен тығыз байланыста болғанымен де, мемлекеттен әлі қаржылай көмек көрсетілген жоқ. Қорымыз спонсорлық көмекпен күн көріп отыр.

- Қор қызметін кеңейту жоспарда бар ма?

- Алдағы уақытта яғни, 2026 жылдың қыркүйек айында Қонаев қаласының қала күніне орай «Qonaev Fest» өткізілмек. Қазіргі таңда біз де өз тарапымыздан үлкен іс-шара дайындап жатқан жайымыз бар. Алдымен ала айтпай-ақ қояйын. Бұйырса сол кезде бәріміз көресіздер. Қор қызметін барынша кеңейту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қазір қорымызға жас буын қосылып, жаңашалану мен тың форматта жұмыстар жүріп жатыр.

- Адам ретінде, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде Дінмұхамед Қонаев тұлғасының ең маңызды қыры қандай деп ойлайсыз? Сіздің оған жеке көзқарасыңыз қандай? Қонаевтың қандай қасиеттері бүгінгі қоғамға үлгі болуы тиіс деп ойлайсыз?

-Тәртіптілігі мен тазалығы, өз жері мен еліне, халқына деген адалдығы, патриоттық сезімі, кәсіби шеберлігі, ел басқару ісінде стратегиялық ойлау қабілеттілігі, отбасына деген махаббатын ерекше атап өтер едім. Қазіргі қоғам жастары мен мемлекеттік қызметкерлер атамыздың осы қырларын бойына сіндірсе, біз дамыған үстіне дами түсетін едік.

- Әңгіме-сұқбатыңызға рахмет.

Әңгімелескен
СИҚЫМБЕКТИҢ Алтынбайы.



ЕШКІМ ДЕ, ЕШТЕҢЕ ДЕ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Біздің Панфилов ауылдық округіне қарасты Қарабұлақ ауылындағы ҰОС ардагерлеріне 1975 жылы орнатылған ескерткіш ақсақалдар кеңесінің бастамасымен қайта қалпына келтірілді.

Ескерткіш қалпына келтірілді

Бұрынғы стелланың тахтасында 1941-1945 жылдары шейіт болған 66 ардагердің есімдері жазылған екен, осы тахтаға қалып қалған 1 адамның аты-жөні жазылды. Бұрынғы стелла жаңа керамигранитпен қапталып, осы стелланың қасынан қосымша қойылған стелланың 4 тахтасына соғыстан аман-есен оралып, бейбіт өмірге араласып, кейін қайтыс болған 162 ардагерлердің есімдері ұлықталып жазылды. Ескерткішті ашу құрметіне Панфилов ауылдық округінің әкімі Дулат Даулеталиев, Талғар аудандық ақсақалдар кеңесі төрағасының орынбасары Бексұлтан Көлбаев, тыл және еңбек ардагері Тамара Колесникова, Панфилов ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Абай Жұрынов ие болды.



Сонымен қатар мәңгі алауды жағу құрметі Қарабұлақ ауылының тумасы, соғыс ардагерінің ұлы, генерал-майор Адамғали Накисбековке бұйырды. Еңбек және тыл ардагерлері облыстық «Аманат» партиясының алғыс хаттарымен, ал ауыл белсенділері ауыл әкімінің алғыс хатымен марапатталды. Іс-шараны Қарабұлақ ауылындағы №22 орта мектептің ұжымы жүргізіп, үлкен концерттік бағдарлама берді. Ауыл халқы тайлы-тұяғымен келіп, ардагерлерді ұлықтап, бір маркайып қалды.

Тағы бір айта кетер дүние, бұл ескерткіш «Біздің Отанға сыйлығымыз 2026 жылдың 9 мамырына» атты қазақстандық мегажобаға

енген болатын. Талғар ауданы бойынша осы жоба бойынша Жұмақыз Бұтабаева, Нұрсәуле Мықтыбаева, Абай Жұрынов секілді еріктілер жұмыс атқарды.

Бұл күні біз өткен мен бүгінді жалғаған маңызды сәттік күәсі болдық. Қатар тұрған екі ескерткіш бір тарихтың екі беті секілді болды.

Бұл ескерткіш Қарабұлақ ауылының тұрғындары мен ардагерлердің ұрпақтарының өз еріктерімен жинаған қайырымдылық қаражаты есебінен қайта қалпына келтірілді. Ескерткішті дизайнер Бақыткерей Жапар ұлдарымен жасап шықты.

Абай ЖҰРЫНОВ,
Панфилов ауылдық округі ақсақалдар кеңесінің төрағасы.

ТӘЖІК-АУҒАН ШЕКАРАСЫ

ЕЛ ШЕБІНДЕ АДАЛДЫҚ ТАНЫТТЫҚ

Елімізде 2020 жылы қабылданған «Ардагерлер туралы» Заңға сәйкес 1992- 2001 жылдар аралығында ТМД шекарасын күзетуді күшейту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдер аясында Тәжік-Ауған шекарасын қорғауға қатысқандар басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері болып танылды.

Кеңес одағы тарағаннан кейін тәуелсіздігін жариялаған Тәжікстанда азамат соғысы болды. Мұның салдары Тәжік-Ауған шекарасы арқылы есірткі мен қару-жарақтың емін-еркін кіруіне жол ашты. Бұл қақтығыс азаттыққа қол жеткізіп, енді еңсе тіктеп, шекарасын шегендемекші болып жатқан бұрынғы Кеңес одағында болған көршілес мемлекеттерге қауіп бұлтын төндіргені анық. Сондықтан ТМД елдерінің басшылары Тәжік-Ауған шекарасын қорғау жөнінде келісімге келген. Соған орай Тәжікстанға 1992 жылдың күзінде 300 әскери-десантшыдан тұратын Қапшағайдағы 35-жеке гвардиялық әуе-десанттық бригадасының бір батальоны жіберілді. 1993 жылдың көктемінен бастап Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 15 сәуірдегі қаулысы және Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1993 жылғы 30 сәуірдегі №335 қаулысы негізінде жеке жиынтық атқыштар батальоны құрылды. Қазақстандық әскери қызметшілердің Тәжікстандағы жауынгерлік міндеті Хорог қаласындағы, кейіннен Қалаи-Хумб елді мекеніндегі Ресей Федерациясының шекаралық бөлімшелерінің блок-бекеттері мен заставаларын күшейту болды.

Егер содырлар Тәжікстан билігін қолына алса, келесі кезекте Орта



Азия мен Қазақстанды жаулап алуға ұмтылатынын ешкім теріске шығара қоймас. Тәжікстанның ғана емес, біздің еліміздің де Тәуелсіздігіне қауіп төндірген 9 жылға созылған қарулы қақтығыста шекара шебін қорғап, ұрыс-қимылдарына қатысқан 10 мыңнан аса жерлесіміздің 2 мыңнан астамы жарақаттанып, 46-сы ерлікпен қаза тапты. Олар мемлекетіміздің қауіпсіздігін сақтау жолында жанын пида етті. Сондықтан отандастарымыздың ерлігін ұлықтап, рухына тағзым ету – баршамыздың парызымыз.

Биыл қазақстандық әскерлердің Тәжік-Ауған шекарасынан шығарылғанына 25 жыл толып отыр. Мемлекет тарапынан ардагерлерге жәрдемақы, жылына бір мәрте сыйақы мен шипажайға жолдама беріледі. Сондай-ақ әскери госпитальдарда ем-дом қабылдауға шектеу жоқ.

Тәжік-Ауған шекарасындағы ұрыс қимылдары мен әскери қақтығыс қатысушылары және ардагерлер одағының

облыстық филиалы Алматы өңіріндегі әскери-патриоттық шараларға барынша атсалысады. Аталған филиал облыс орталығындағы Д.Қонаев атындағы №1 қазақ орта мектебі және Ш.Уәлиханов атындағы мектеп-гимназия ұжымымен меморандумға отырған. Соның шеңберінде білім ордасындағы «Жас сарбаз» сыныптарын әскери формамен қамтамасыз етіп, жаттығулар, әскери бөлімдерге саяхатпен ерлік сабақтарын өткізуге көмек көрсетеді. Ұйым мүшелері ардагерлер және аналар кеңесімен бірге мектептер мен «Балдәурен» лагерінде болып, өскелең ұрпаққа патриотизмді насихаттайды. Әскери бөлімдерде сарбаздармен кездесу өткізеді. Сонымен қатар «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында өтетін акцияларға қатысады.

ҚР Десанттық шабуылдау әскерлері қолбасшысының тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары – басқарма бастығы, полковник Раджан Жанысов және 35-гвардиялық десанттық шабуылдау әскерлерінің командирі, гвардия полковнигі Бейбіт Аманқалиевпен бірлесіп, 32363 әскери бөлімінде мұражай аштық. Филиалдың Қарасай ауданы бойынша төрағасы Пердебай Қаныбеков, Жамбыл аудандық филиалының төрағасы Ержан Құрманязов және белсенді мүшелері Қалдан Бөрібаев, Азиз Сайфуллаев, Нұрхан Абуов және тағы басқа ардагерлердің ақы төленбейтін қоғамдық қызметті белсенді атқарып жүргенін атап өткен жөн.

Елімізде соғыс өрті ешқашан тұтанбай, мәңгілік бейбітшілік, таулық пен ынтымақ орнап, жас ұрпақтың соғыс көрмей өсуіне тілектестігімізді білдіреміз.

Серік СӨРСЕМБАЕВ,
Тәжік-Ауған шекарасындағы ұрыс қимылдары мен әскери қақтығыс қатысушылары және ардагерлер одағы облыстық филиалының төрағасы.

● ҚАРТ ЕҢБЕГІН ҚАДЫР ТҮТ!

РАҚЫМХАН ҚАРАҚАСОВ:

МЕНИҢ ПІРІМ – ҚАЖЫРЫМ МЕН ҚАЙРАТЫМ

Қоғамдық өміріміздің өткені мен бүгінге көз жіберіп қарасак, халқымыздың асыл қазынасы болып табылатын ақ жаулықты аналарымыз бен ақсақалды аталарымыздың алар орны айырықша екені айтпаса да түсінікті. Екі ғасырдан да еншісін алып, белдері бүгілмей, барға қанағат, жокқа салауат айтып жүрген оларды біз көненің көздері деп ардақтауды әрқашан да алдыңғы қатарға қоямыз. Оларға деген ұрпақ парызы осындай.

91 жастағы Рақымхан Молдабекұлының таңмен таласа тұратындығы бала жасынан жаратылысында бар қасиеті екенін өзі жиі айтады. Бүгін де солай. Көзін тырнап ашқаннан кейін, суық сумен жақсылап шайынып алады да, сыртқа шыға берістегі қақпаның екі жағындағы өмірлік сенімді серігі болған ұсталық шеберханасының құрал-жабдықтарына алма-кезек көз жүгіртіп, қалады да қалады. Мұнда не жоқ дейсіз? Ұстаның көрігінен бастап, неше түрлі балғаларының, темір кескіштерінің санының өзі біршама. Одан басқа да құрал-саймандарының өзі біраз әңгімелеуді қажет етеді. Темір жонатын токарлық станогының өзі де сол қалпында тұр.

Осынау дүниелерге сәт салып қарасаңыз, баяғы ұста шеберханасына немесе мұражайға кіргендей әсерде қаласыз. Рақаң әр атар таңының серуенге шығар алдында осынау дүниелеріне асқан бір қимастық сезімімен қарап, терең ойға беріліп барып серуенге шығады. Содан табиғаты тамылжып тұрған сұлулықтың құшағында құмары қанғанша серуендеп, жаны жадырап емін-еркін жүреді. Ойына түс пен елестей болған өмір өткелдері орала береді.

Иә, бұл кісінің өмір жолдарының өзі қатпары қалың кітапқа жүк боларлық дүние екенін көзі көрген адамдар бүгінгі күнге дейін ауыздарынан тастамай айтып келеді. Енді сол жағынан айтылар әңгімемізді сабақтай түсейік. Рақымхан ақсақал 1935 жылы арғы беттегі Қытай жерінде дүние есігін ашады. Сол жердің қатып қалған заңдылығына сәйкес 9 жасында мектепке барады. Бала кезінен бейнетпен белдесіп өскен оның есепке деген ынтызарлығы мен құштарлығы қатарынан озық етіп шығарады. Елуінші жылдардың өзінде тиісті мекемелерге есепші болып қызмет істейді. Бұл мамандықты ол бүге-шігесіне дейін тап-тұйнақтай меңгеріп алады. Құлжадағы есепшілер даярлайтын курсты да ойдағыдай бітіріп шығады. Облыстағы «Маяк» фермасында 3 жылдан астам бас есепші болып істейді.

Ол осы жұмыспен ғана шектеліп қалмайды. Жанбағыстың қамымен қара жұмыстың да бел ортасында жүреді. Таулы жерлерден қарағай дайындау жағында болады. Рақымхан Молдабекұлы 80-нен астам қарағай даындаушыларды басқарады. Сонда заң мен талаптың қаталдығына екінің бірі шыдай бермейтін. Бірақ, оның адам баласына қиянат жасағысы келмеді. Әркімнің жағдайына қарап, көмегін көрсетуге құлшынып тұрды. Соның арқасында жұртшылықпен емін-еркін тіл табыса білді.

-Ата-бабамыздан бері «басына түскен баспақшыл» деп айтылып келе жатқан сөзді мен ешқашан да есімнен шығара алмаймын. Бұл сөз менің жадымда жатталып қалды. Содан бері «менің пірім – қажырым мен қайратым» деп айтып келемін. Осы қажырым мен қайратымның арқасында өтіп жатқан өміріме ерекше ризамын. Шегелеп айтар болсам, менің арқа сүйер асқар тауым – қажырым мен қайратым екенін мақтаным етемін. Осынау мақсатымды бала-шағам да, басқа ұрпақтар да өздерінің берік ұстанымдары етсе екен деймін, - деп Рақаң ерекше толқып кетті. Оның осынау толқуында тізбектеліп тұрған өмір жолдары жатты.

1962 жыл тек Рақымханның ғана емес, сол арғы беттегі мыңдаған қандастарымыздың алдарына қойған асыл арманы болатын. Ол – ата-бабаларының табаны тиген туған жеріне баруға, тұрақ табуға деген сартап болған сағыныш еді. «Көп тілеуі - көл» деген емес пе?! Қандастарымыз бен мекендестеріміздің сол

сағыныштары, сол тілеулері осы 1962 жылы орындалды. Алла-тағала сәтін салып, осы жылы көші-қон керуенімен өз елінің төрінен қоныс тапты. Сол уақытта Нарынқол ауданында атақ-даңқы дүрілдеп тұрған Ленин атындағы колхозға (бүгінгі Сарбастау) ауылын мекен етті. Олардың сол кездегі көңілдеріндегі көлдей тасыған қуаныштарын тілмен айтып жеткізудің өзі қиын еді. Ол ештеңеге тең келмейтін айырықша қуаныштың айқын көрінісі болатын.

Ел мен жерге деген сағынышы орнына түскеннен кейін, Рақымханның маңдайына жазылып тұрған кәсіп – Иматай деген ел-жұртқа белгілі шебер ұстаға балғашы болу бұйырады. Төпсе темір үзетін жастықтың жалынымен бұл жұмысқа ол қызу кірісіп кетеді. Көпті көрген көнекөз ағасының айтқандарын екі етпей орындап отырады.

Шаруашылықтың шаш етекпен асып жататын шаруасының толас тапқан кезі жоқ қой. Бір күні колхоздың бас инженері Рақанды шақырып алып, слесарлық жұмысты істейтін адамның жоқ болып жатқанын айтып, осы жұмысты оған істеуге өтініш білдіреді. Бас маманның мына өтінішіне ол немқұрайды қарамайды. Бірден келісімін береді. Оның осындай мәрттігіне риза болған бас инженер оған бар жұмыстың мән-жайын түсіндіріп, үлкен сенім артады. Ол артылған сенімді ақтауға тырысады. Аянып қалмайды.

Колхоз гаражының ішінде күнде көріп жүрген бұл жұмысты Рақаң бірден меңгеріп кетеді. Өзіне тиесілі жұмыстарды тап-тұйнақтай орындап, арқалағаны алғыс пен естігені мақтау сөз болады. Алдындағы жұмысты ар-ұятымен, адамдық адамгершілігімен атқаратын ол бұл жұмысты шаң жуытпай 3 жыл істейді. Техникалық қосалқы бөлшектерді дер уақытында қалпына келтіріп отырады. Сол сияқты токарлық станокты да тез меңгеріп, механизаторларға, жүргізушілерге, комбайыншыларға, қырманшыларға қажетті болттары мен бұрандаларын жоннып беріп отырады. Оның мұндай іскерлігі мен шеберлігі көпшілікке ерте мәлім болады.

Жылдың төрт мезгілі шаруашылық үшін бірінен кейін бірі жалғасып жататын науқандық жұмыстар екені-сол кездегі адамдарға айтпаса да түсінікті жайт. Бұған колхоз жұмысындағылардың әбден еті үйреніп кеткен. Олар үшін уақытпен санаспай үзіліссіз жұмыс істеу белгіленіп қойылған тәртіп пен заңдылыққа жатады. Мұндай талапқа Рақымхан Молдабекұлы да-көндігіп кеткендердің бірі. Бір күні өзіне төбесінен қарайтын бас инженер шақырып жатыр деген хабарды естігенде, ол оның алдына құрақ ұшып бармай ма?! Ол мұны жылы шыраймен қарсы алады. Айтар ойын да суыртпақтап жеткізеді. Бір сөзбен айтқанда, «МТЗ-5» тракторын айдайтын адам керек екен. Бұл бас маманның оған екінші рет қолқа салуы. Трактор айдауды өз бетімен үйреніп алған Рақаң сынықтан сылтау іздемей, бірден келісімін береді. Қарап тұрған тракторға ие табылғанына риза болған бас маман да бөркін аспанға атып, оған деген ақ ниетті алғысын жаудырумен болады.

«Сенім артсаң, сеніп арт» деген нақыл сөздің салмағын ол жаратылысынан жанына біткен жанкештілігімен көтеріп әкетеді. Қабылдап алған тракторын ерекше күтімге алып, техникалық талаптарға сай жүргізеді. Қалай көктем шығады күндіз-түні егіс даласында жер жырту да болады. Жаз басталғанда шабындық алқаптарында болып, мал азығын дайындайды. Ал, қоңыр күздің алғашқы күндерінен мал қыстауларына малдың қажетті азығын тасымалдап, тыным тап-



пайды. Сол сияқты қыстың қыраулы күндерінде бөлімше меңгерушісі тапсырған жұмыстың соңында жүреді. Осы трактордың бес жыл тізгінін ұстаған кезінде тоқтаусыз жүргізіп, алдыңғы шептен табылады. Ол еңбегінің еленбей қалған кезі жоқ.

Рақымханның шаруашылық жұмыстарына әбден төселіп алғанын білетін басқарма мүшелері оған үнемі құрметпен қарайтын. Жыл сайын колхоздың мал басына отар-отар қойдың қосылып жататыны бесенеден белгілі. Осыған байланысты бір күні колхоздың басқарма мүшесі Тілеужан Иманбеков оған арнайы келіп, шаруашылыққа қой бағатын адам керек екенін айтады. Соған басшылар жағы өзін лайық көріп, арнайы жібергенін айтуға мәжбүр болады. Бұған дейін мұндай ұсынысты бірнеше рет естіп, кедергісіз келісімін берген Рақаң нақты жауабын беруден жалтара алмайды. Оның үстіне ақ самайымен келіп отырған колхоздың абыройлы атқамінер ағасына сырғактата жауап беруді жөн санамай, шопан болатынын айтып, риза етіп жібереді.

Сөйтіп, ойламаған жерден Рақаң дырдай шопан болып шыға келеді. Бір отар бойдақ қойды қабылдап алады. Өйткені, ол актылы қой бағудың қыры мен сырын жақсы білетін малсақ жандардың қатарынан еді. Сол жағынан бұған сенімі берік те бекем болатын. Бір жағы қоғамдық мал басының аمانдығын ойлаған кездерінде саспай қалағын кездері де жоқ емес. Бәрінен де актылы қойды қылышын сүйретіп келетін қыс сынағынан аман алып шықса, ар жағының асып бара жатқан қиыншылығының жоқ екенін де жақсы сезінеді. Мал соңында жүрген бес жылында бәрі оның өзі ойлағанындай болады. Колхоз басшыларының, мал мамандарының артылған сенімін адал еңбегімен ақтап шығады. Қоғамдық малға көзінің қарашығындай қарап, шығынсыз өсіріп, қондылық күйін төмендетпей, дін аман бағады. Мұның өзі ол үшін ерлікпен пара-пар іс болғанын малшылар жиынында өз құлағымен естіп, төбесі көкке жеткенін қалай ұмыта алсын.

Рақымхан Молдабекұлы атқарған жұмыстарының ішінде ұсталық жұмысын бәрінен де жаны сүйсіне жақсы көрді. Бұл жан сырын колхоз белсенділерінен де жасырып қала алмады. Қой баққаннан кейін осы ұсталық жұмысын одан әрі жалғастырады. Балғашы болып осы ұсталыққа келгенде ұста ағасы Иматайдың айтқаны алдына айдай келді. Ол ақ батасын да бекер берменгі. Колхоздағы ұста шеберханасын мәйпездеп ұстап, шаруашылық жұмыстарымен қатар, ауылдастарының да тілектері мен өтініштерін жерге тастай алмады. Ауыл жұртшылығының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына қатысты заттарын жасап беріп отырды. Өмір болған соң, өзгеріссіз болмай қоймайды ғой. 1981 жылы Рақаң бала-шағасымен Шелек ауданының «Авангард» совхозына көшіп келіп, қоныс тебеді. Мұнда

да ұсталық кәсібін тастамай, оны одан әрі жалғастыра беруді жөн санайды. Совхоз басшылары мен ауыл адамдары оның темірден түйін түйетін шеберлігіне шексіз ыстық ықыластарын білдіріп, құшақтарын жайып, құрметтерін көрсетіп тұрады. Ол осы жерде 1995 жылы зейнеткерлік демалысына шыққанша тұрақтап жұмыс істеді.

Оның бесаспаптығының тағы бір белгісі бар екенін айта кетсек артық болмас. Ол ұсталығымен қатар мал терілерін иін қандырып илеудің де тігісін жатқызады. Одан ат әбзелдері болып саналатын жүген, құйысқан, жай қамшы, 12 өрімнен тұратын қамшы, өмілдірік түрлерін жасайды. Бұл жағынан, халық тарапынан сұраныстар көп болыпты. Оның осындай шеберлігін жоғары бағалаған халық оны «алтын қолды адам» деп бекер бағаламаған екен.

Осы жерде оның өмірлік қосағы Жібек жайлы айтпай кету мүмкін емес. Ол екеуі алтын асықтай Айһұр, Нұрлан, Нұрболат, Жанболат, Гүлнұр, Әсел, Нұрбақыт атты балаларын тәрбиелеп, өсірді. Бұлардың бәрі де өз алдарына түгін түтетіп отыр. Осы балаларынан бүгінгі күні 16 немере, 17 шөбере сүйіп отыр. Ең өкініштісі- ардақты да аяулы Жібегінің 73 жасында о дүниелік болып кеткені. Асыл аналарын бала-шағасы ешқашан да ұмытпайды.

Бүгінгі күні 91 жасқа толып отырған Рақымхан Молдабекұлы Қарақасовтың еңбегі еленбей қалған жері жоқ екенін жоғарыда тілімізге тиек етіп кеткен едік. Бес-алты ордендері мен медалдары бар болғанын бала-шағасының бәрі айтып отыр. Соның бәрін көшіп-қонып жүріп жоғалтып алыпты. Бала-шағасы осыған қатты өкінеді. Тек 2021 жылы алған «Құрмет белгісі» медалі ғана қалыпты. Ал, былайғы жұрт оның жетпіс жылдан астам ғұмырының адал еңбекпен өткенін жақсы біледі де. Онысы жазылды да.

Қазір қадірлі қариямыз Медеу ауданына қарасты Алатау ықшам ауылында тұрады. Денсаулығы мығым, қимылы ширақ. Әңгімеміздің басында ол кісінің ертеңгілік есігінің алдындағы ұстахана шеберханасына қарамай, серуенге шықпайтынын айтқан едік. Оның күнделікті тірлігі осылай басталады. Ауылдағы ұстахана-сын осында көшіріп әкелген. Онысын балалары әкеміздің тірлігінің көзі деп қастерлеп ұстап отыр. 91 жастағы Рақымхан ақсақал ұстаханасында ештеңе істемесе де күнделікті жанынан шықпайды. Мен ол кісінің өз кәсібіне деген інкәрлігі мен сүйіспеншілігіне арнап «Ұста қарт» деген өлең жазған едім. Соны назарларыңызға ұсынамын.

Адам болса бір көргеннен аңғарған, Жарасымды қолындағы нән балған. Кім ойлаған қажырлықты осындай, Шығады деп шүйкедей-ақ шалдардан. Қашан көрсен жұмысында бір тынбай, Бұлшық еті қимылдайды бұлтылдай. «Өмір заны - күрес» деген шырағым, Шаруа тындыр, шалқаюмен құр тұрмай.

Сонда ғана мәртебең сан биіктер, Атанарсың, ардақты бір сүйікті ер. Жақсылықты жасасаң сен еліне, Өлшемей-ақ жомарттықпен үйіп бер». Деп осылай кейде қартың ұлғанар, Айтқан сөзі ойлы жанға ем болар. Әр сөзіне иланбасқа әбдің жоқ, Сан тағдырдың бар талқысын көрді олар.

Тек еңбектен елемейтін басқаны, Ортаймайтын ой-қазына асқағы. Аядай-ақ ұстахана мекені, Төс пен балға тірлігінің аспабы... Жыр етерлік, өткені мен бергісін, Қартайса да төгіп жүрген терді шын. Ұрпағына көрсетіп ед сол қартың, Шыңдалу мен шымырлықтың белгісін.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
Алматы облысының
Құрметті азаматы.
Райымбек ауданы.

ҚҰТТЫҚТАУ

Бақытты жан!



Шонжы ауылының тұрғыны Майра Тоқтасынқызын келе жатқан туған күнімен шын жүректен құттықтаймын! Майра Тоқтасынқызы өзінің адал еңбегімен ел құрметіне бөленіп, жерлестерінің мақтаншына айналған адам. Сауда саласында еңбек етіп, оны кәсіпке айналдырып, нәсіпті бола білген ол қайырымдылық шараларына белсене араласады. Сонымен қатар әжелер ансамблінің белді мүшесі. Еңбек ете жүріп, төрт баланы тәрбиелеп қатарға қосты. Бүгінде 10 немере сүйіп отырған бақытты әже.

Майра Тоқтасынқызын туған күнімен құттықтай отырып, оған зор денсаулық, бақ-берке тілеймін! Өмір жолың ашық болсын, ырысың тасып, берекең артсын. Отбасың аман, шаңырағың биік, жүрегің тыныш, ниетің түзу болсын.

Ізгі ниетпен
РАЯ САРТОЛОВА

СУББОТНИК

Виноградную косточку
в тёплую землю зарю

Эта известная фраза, как многие помнят, из песни легендарного советского барда и композитора Булата Окуджавы «Виноградная косточка». Эта ассоциация возникла в один из майских воскресных дней, когда активисты областной Федерации шахмат приехали в Конаев, где посетили КГУ «Областной центр поддержки детей, нуждающихся в специальных социальных услугах», или, проще говоря – детский дом. Приехали не с пустыми руками – с саженцами винограда, которые решили посадить собственноручно.



Несколько слов об адресате. С осени прошлого года по всей стране запущена программа поддержки развития детских шахмат «Ces balapan» шахматной федерации РК. И в Алматинской области выбраны два таких учреждения. Это детский дом «Ковчег» Талгарского района и детский дом в Конаеве. Здесь открыты специализированные классы с тематическим оформлением, оснащённые всем необходимым (шахматы, доски, часы, мебель). Задача тренеров – подготовить сильные детские команды для участия в областных, республиканских и международных турнирах по шахматам.

По инициативе старшего тренера города Алатау и тренера детского дома Конаева,



председателя комиссии ветеранов Казахской федерации шахмат по Алматинской области, ветерана Афганской войны Карлыгаша Сейтова активисты решили

взять шефство над этим детским домом. Пока инициативу поддержали 15 человек, однако организаторы надеются, что число единомышленников будет расти. Главное – сделать первый шаг. Активисты намерены оказывать детям-сиротам всестороннюю, в том числе и материальную помощь.

На этот раз группа активистов областной Федерации приняла участие в озеленении территории нового социального учреждения, которому исполнился всего год. Здесь уже высажены хвойные и лиственные деревья, обустроен газон, проведено капельное орошение, дорожки отсыпаны щебнем. В ближайших планах – разбивка огорода и цветников, дальнейшее благоустройство территории, а также приём на работу садовника.

Но вернёмся к субботнику. Саженцы винограда местных сортов уже дали первые листочки. Поскольку почва в этой засушливой зоне сложная – песчаная и с дефицитом гумуса, ветераны привезли с собой удобрения, чернотём, а также необходимый садовый инвентарь – лопаты и грабли. Остальным инструментом участников обеспечили сотрудники центра.

За несколько часов работы любители шахмат высадили на солнечной стороне участка 20 саженцев винограда, соблюдая все правила агрономии. Активисты также поделились дальнейшими планами: установить шпалеры для лозы, приобрести скамейки с шахматной атрибутикой и заказать табличку для будущего сквера.

Очень надеемся, что все саженцы приживутся, окрепнут и уже через несколько лет порадуют детей первыми гроздьями. Мы будем приезжать сюда и наблюдать за ростом винограда, – рассказал любитель шахмат и виноградарь Амандулла Абдимуратов.

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
г. КОНАЕВ

СЕЛЬСКИЕ НОВОСТИ

Эти ярмарки краски

Скажу откровенно, что с этой информацией мы, малость, запоздали. Мероприятие прошло 1 мая, а сегодня уже за середину месяца. Но таковы обстоятельства, специфика, как мне пояснили, выхода печатных изданий. И еще череда майских праздников, когда предприятия, организации не работают. Но и не поделится с читателями этим событием я не могу. Так что лучше поздно, чем никогда!

История такова. На одном из заседаний актива села Жана Арна учитель казахского языка Жанар Кудабаявна внесла предложение – провести 1 мая сельскохозяйственную ярмарку. Назаркул Дуйсебаев, сельский торага, поддержал идею и с этого все закрутилось. Дали объявление в социальные сети, чаты, обзвонили хозяйев магазинов, предпринимателей – все с радостью согласились. Как говорится, попытка – не пытка!

В назначенный день дымом и запахами шашлыка зывал народ на ярмарку Пашали Кумлядзе. К его мангалу быстро выстроилась очередь. Шутками, прибаутками, угощая бесплатным чаем с мо-

локом, с кипятком из самовар, встречал покупателей Талгат Марданов. Он привез пушистые цыплят и яйца. Различную сельхозпродукция с Газели предлагал Муртаз Жумаев. Не скучали и владельцы магазинов, продавая напитки, снеки, сладости, игрушки. Нарасхват шли вкусные лепешки мастерицы Мерует Есетовой. Наши ажешки, в качестве бонуса, накрыли на столах дастархан, угощая всех желающих.

Хорошая погода, вкусные запахи, музыка, танцы, игры и смех детей, дружелюбная атмосфера – все это удерживало людей и долго никто не хотел расходиться. Словом, ярмарка удалась и эту традиция



непрерывно надо продолжать осенью! Всем участвующим выражаем благодарность.

Галина ИГИБАЕВА,
жительница
микрорайона Жана-Арна
города Алатау.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Нитраттар туралы не білуіңіз керек?

Көктем мен жазда біздің ас мәзірімізде көкөністер мен жемістер көбірек болады және бұл жақсы нәрсе. Алайда, көкөністер мен жемістер кейде жасырын қауіп төндіріуі мүмкін. Осы орайда нитраттардың көкөністер мен жемістерде жинақталу мәселесі өзекті.

Нитраттар – бұл барлық тірі организмдер мен өнімдерде болатын азот қышқылының тұздары мен эфирлері, өйткені азот олардың белсенді өсуі мен дамуы үшін маңызды компонент болып табылады. Рұқсат етілген концентрацияда нитраттар ағзаға зиянсыз. Егер ауылшаруашылық өнімдерін өсіру үшін нитраттардың қажетті мөлшерден артық дозалары қолданылса, онда нормадан жоғары нитраты бар өнімдерді тұтыну адам ағзасына зиян тигізуі мүмкін.


Нитраттардың көп мөлшері ерте піскен көкөністер мен жемістерде болатынын есте ұстаған жөн. Олардың пісетін кезеңі әлдеқайда қысқа болғандықтан, өсімдіктер тыңайтқыштардың барлығын бойынан шығарып үлгермейді. Нитраттар негізінен тамырда, тамырдақылдарда, сабақтарда, жапырақ сағағында және аздаған мөлшері жемістерде жинақталады. Негізінен нитраттардың көп бөлігі барлық көкөністер мен жемістердің қабығында жинақталады. Піскен жемістерге қарағанда піспегендерінде көбірек болады. Ауылшаруашылық өсімдіктерінде нитраттардың көп бөлігі салат жапырақтарында (әсіресе жылыжайда

өсірілген), шалғам, ақжелкен, редиска, қырыққабат, сәбіз, асқекте, қызылша мен сәбіз тамырының жоғарғы бөлігінде және оның көп мөлшері сәбіздің өзегінде, қырыққабаттың түбі мен сыртқы жапырақшаларында болады.

- Артық нитраттарды көрсететін ең жиі кездесетін белгілерді ескеруді ұсынамыз:
- тым үлкен өлшем және мінсіз пішіні;
- шамадан тыс қаныққан түсі;
- жұмсақ бөлігінің сулы, борпылдақ болуы;
- бөлгенде түсінің біркелкі болмауы;
- жемістердің дәмінің болмауы;
- жұмсақ бөлігінде ақ, сары жолақтардың болуы.

Көкөністер мен жемістерде нитраттарды қалай анықтауға болады? Көкөністердегі, жемістердегі нитраттардың құрамы зертханалық жағдайда, нитратметр құралын пайдалана отырып, экспресс-әдіс арқылы анықталады. Әр көкөніс пен жемістің пісетін кезеңіне, маусымына назар аударыңыз. Мінсіз және әдемі түріне алданбаңыз. Қатты үнемдеуге ұмтылманыз. Өсімдіктер мен жануарлар тағамдарының теңдестірілген мәзірін жасаңыз, жемістер мен көкөністердің, ет пен дәмді дақылдардың әртүрлісін пайдаланыңыз. Жаңа дайындалған тағамдарды тұтыныңыз. Сіздің денсаулығыңыз сіздің қолыңызда!

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы»



Еліне адал қызмет еткен ардақты ардагер, Жамбыл ауданы Ардагерлер ұйымының төрағасы Батырхан Мендебаяв өмірден өтті.

Батырхан Мендебаяв 1951 жылы 18 шілдеде Жамбыл ауданы Кастек ауылында өмірге келген. Білімі жоғары, Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын 1973 жылы ғалым-зоотехник мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1973 жылы «Кастек» асыл тұқымды мал зауытында бастап, 1976 жылға дейін аға зоотехник қызметін атқарды. 1976-1981 жылдары «Дегерес» жылқы зауытында бас зоотехник, 1981-1987 жылдары «Актөрек» қой совхозының директоры, 1987-1990 жылдары Қазақ ғылыми-зерттеу институты бөлім меңгерушісінің орынбасары, 1990-1993 жылдары «Сарыбай» колхозының төрағасы, 1993-2003 жылдары «Кастек» асыл тұқымды қой зауыты» акционерлік қоғамының директоры, 2003-2008 жылдары «Кастек Батыр» атындағы кооперативтің төрағасы, 2008 жылдан «Кастек-Б» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры болып қызмет істеді.

Б.Мендебаяв 1981-2003 жылдары аудандық мәслихаттың депутаты, 1994-1999 жылдары Алматы облыстық мәслихаттың депутаты және мәслихат комиссиясының төрағасы болып сайланды.

Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденімен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл, 20 жыл, 30 жыл», «Мәслихатқа 20 жыл, 30 жыл» мерекелік медальдармен, одан тысқары Қазақстан Республикасы Ардагерлер ұйымының құрметті ардагері төс белгісімен марапатталған.

Алматы облысының және Жамбыл ауданының Құрметті азаматы. 2018 жылдан бастап Жамбыл ауданы Ардагерлер ұйымының төрағасы болып істеген.

Марқұмның дүниеден озуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғыра көңіл айтамыз. Аллатағала марқұмның иманын саламат етіп, жаны жаннатта болуына нәсіп етсін. Артында қалған ағайын-туысқа, отбасына сабыр тілейміз. Қайғыларыңызға ортақпыз.

Саналы ғұмырын ел игілігіне арнап, кейінгі ұрпаққа өнеге болған азаматтың жарқын бейнесі ел жадында сақталары жөн. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жаннатта болсын.

«Ардагерлер ұйымы»
Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы

АЛАТАУ Ардагері
БАС РЕДАКТОР: Роза Айдарбекова
ТІЛШІЛЕР: Алтынбай Сықымбек
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.
Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.
Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.
Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.
МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 8500
Тапсырыс №1017
Индексі – 65472.